

Б. ЕЖЕНХАНҰЛЫ

ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
Азия және Тынықмұхиты аймағы бөлімінің
меңгерушісі, т.ғ.д. (Ph.D.), бас ғылыми қызметкер

ҚАЗАҚ ҮШ ЖҮЗІНІҢ ШЕТКЕРІ ЖЕРЛЕРІНДЕГІ ЖЕР АТАУЛАРЫ» АТТЫ ЦИН ПАТШАЛЫҚ МҰРАҒАТ ҚҰЖАТЫНА ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЛАР¹

Аннотация

Мақала жаңадан жарық көрген «Қазақ үш жүзінің шеткері жерлеріндегі жер атаулары» атты мәнжу тілінде хатталған Цин патшалық мұрағат құжатында сақталған мәліметтерге тарихи-деректанулық талдаулар жасау негізінде 1758 жылғы Қазақ елінің территориясы жөнінде сөз қозғайды. Мақала аталмыш Цин патшалық мұрағат құжатының аса маңызды тарихи дереккөз екендігін, әсіресе ондағы «Қазақтардың шығыс жақ шекарасы Балқаш көлінің шығысындағы жерге жетеді» деген мәлімет төтенше тарихи маңызға ие екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: тарих, деректану, қазақ жерінің тарихы, Цин патшалық мұрағат құжаты, тарихнама.

Keywords: history, historical source study, the historical territory of Kazakhstan, Qing dynasty archival document.

Ключевые слова: история, источниковедение, история казахских земель, Цинский императорский архив документов, историография.

Жаңадан жарық көрген көп томдық «Цин патшалық дәуіріндегі Шыңжаң туралы мәнжу тілді мұрағат құжаттарының жинағы» атты еңбектің XXVII томында «Қазақ үш жүзінің шеткері жерлеріндегі жер атаулары туралы хия² Нұсанның көтерген мәлімдемесі» (侍卫努三奏报哈萨克三部周边地界地名折) деп аталатын мәнжу тілінде хатталған бір құжат енгізілген³. Құжаттың тақырыбынан-ақ оның бірегей тарихи дереккөз екендігін қарап білуге болады. Дегенмен, аталмыш жаңадан шыққан жинақта бұл құжаттың мәтіні, атауы және оның хатталған жылынан тыс өзге тиісті мәліметтер толық берілмеген⁴. Біз

¹¹ Бұл еңбектің жазылуы ҚР БжҒМ қаржыландырған «Қазақ-цин қарым-қатынас тарихы шеңберінде қалыптасқан қазақ хан-сұлтандарының хатнамаларына зерттеулер» атты гранттық ғылыми зерттеу жобасы (УДК 902, Мем. тіркеу № 0112РК02207) шеңберінде жүзеге асты.

²² Қытай мұрағатшылары тарабынан берілген осы тақырыпта бұл сөз қытайша «шивэй» (侍卫) деп алынған, мұндағы қытайша сөз мәнжу тіліндегі «хия» (hiya) сөзінің баламасы екендігі белгілі. Түпкі мағынасы «қорғаушы» болып келетін бұл сөз Цин патшалық ұғымында «орда қорғаушы» деген мағынада да, ортаазиялық көшпенділер ұғымындағы мәртебелі «батыр» атағы мағынасында да қолданылады, сонымен бірге ол әскери лауазымның да бір түрі.

³³ ЦСМДХ (27), 207-208-66. Құжаттың мазмұнынан білгеніміз: осы құжатты Цин ұлығы Шундене жазған. 1758 жылға дейін, Шундене де, осы құжаттағы айтылған мәліметті алғашқы болып әкелген Нұсан да Абылайдың ордасына бірнеше мәрте елші болып үлгірген. Осы құжат жазылғаннан кейін 1 жылға жетпей, Шундене Қашқариядағы ұйғырларға қарсы жорықта міндетін жақсы атқармағандығы үшін («бүлікші» Қожа-Жиханның Кушәр жерінен қашып кеткендігіне және оның дереу қудаланбағандығына басты жауап беруші ретінде) басы кесіледі.

⁴⁴ Жаңадан шыққан аталмыш жинақ сериясы өзінің көлемділігімен (жалпы бақандай 283 томнан құралған) ерекшелініп, жұрттың игілігіне жарайтындығы сөзсіз. Дегенмен, еңбек құрастырылғанда барлық деректанулық талаптар ескертілген деп айта алмаймыз. Мысалы, барлық дерлік шағатай және тот-моңғол

ондағы бар мәліметтер мен осыдан бұрынырақ жарық көрген «Цин патшалық дәуіріндегі шекара аймақтарына қатысты мәнжу тілінде жазылған мұрағат құжаттарының каталогі» (VI том) атты өзге бір еңбекте көрсетілген мәліметтерді салыстыра отырып, аталмыш құжат туралы мынадай толықтау мәлімет алып отырмыз: құжат Цин патшалығы цяньлун жылнамасының 22-жылы 12-айдың 18-күні, яғни 1758 жылы 27 қаңтар күні хатталған, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша - 1678-005; микрофильм бойынша - 047-2428⁵. Төменде біз осы құжатты қазақ тіліне аударып, ондағы тарихи-географиялық және деректанулық мәселелерге арналған алғашқы талдауларымызды ұсынбақпыз.

1. Құжаттың транскрипциясы мен аудармасы

Құжаттың транскрипциясы:

→

aha nusan ba
murušeme fonjiha hasak i ilan jus i šurdeme hešen i ba na i
gebu. dergi ergi hešen. **ercis** birai oros i **sen bolot** ci
yunggul bira. **abral** alin i dergi ujan. **esil** birai sekiyen **nura**
birai sekiyen. **šar usu** bira i sekiyen. **balkasi** noor i dergi
ujan de isimbumbi
julergi ergi hešen. **balkasi** noor i amargi dalin ci ci. **cui**
talas juwe bira dosika. **bikul akkul** juwe noor i
amargi dalin de isibumbi.
wargi ergi hešen. **sirin** bira ebergi dalin i **tašhan**
hoton. **turgustan** hoton. wargi amargi. **biju sirin** bira
dosika. **manggis** noor i ebergi. **jai** bira ebergi ...s i ... **wei** i **tohos** de isibumbi.
amargi ergi hešen. wei. tohos ci ercis birai ebergi
dalin. oros i sen bolot de isibumbi sembi. aha šundene
nusan be bukun. mingersar sede kimcime fonjici inu
sembi. erei jalin suwaliyame gingguleme
tuwašame wesimbuhe.

abkai wehiyehe i orin ilanci aniya biyai orin duin de
fulgiyan fi i pilehe
hese saha sehe.

→

Құжаттың қазіргі қазақ тіліне аудармасы:

Патшаның құлы Нұсанның шамалап сұрап білген қазақ үш жүзінің шеткері жерлеріндегі жер атаулары:

Шығыс жағындағы шекарасы *Ертіс* өзені бойындағы орыстың *Сынболот*⁶ қаласынан бастап *Юңгул (?)* өзеніне, *Абыралы* тауының шығысындағы жеріне, *Есіл*

тілдерінде жазылған «қосымша құжаттар» осы еңбекке енгізілмеген (шын мәніне келсек, сол «қосымша» құжаттардың тарихи-деректанулық құндылықтары өздерімен бірге сақталып келіп, осы жаңадан құрастырылған еңбекке кіргізілген «рәсми» құжаттардың тарихи-деректанулық құндылықтарынан артық болмаса, кем болмайды), ал енгізілген барлық құжаттың Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы сақталу шифрі сынды мәліметтер де берілмеген.

⁵⁵ 2012 жылы қараша айында біз Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының микрофильм қорынан осы құжатты анықтау барысында мынаны байқадық: «Каталог» (6) кітабы да бұл жерде қателік жіберген, құжаттың микрофильм бойынша сақталу нөмірі асылы 047-2428 емес, 047-2434 екен.

⁶⁶ Семей қаласы мәнжу тілді Цин патшалық жазбаларында осылайша аталады, оның қытайша аудармасы «Сэнболото» (森博罗特).

өзенінің басталған жеріне, *Нұра* өзенінің басталған жеріне, *Шар* өзенінің басталған жеріне және *Балқаш* көлінің шығысындағы жерге жетеді;

Оңтүстік жағындағы шекарасы *Балқаш* көлінің солтүстігіндегі таудан бастап *Шу* мен *Талас* деген екі өзен құйылатын *Бикөл*, *Ақкөл* деген екі көлдің солтүстігіндегі тауға жетеді;

Батыс жағындағы шекарасы *Сырын* өзенінің бергі жағындағы таудың [етегіндегі?] *Ташкент* қаласы мен *Түркістан* қаласына, солтүстік-батысындағы *Бижу(?)*-*Сырын* өзені құйылатын *Маңғыс* көлінің бергі жағына, *Жай* өзені тау ...⁷ *Вэй* және *Тохосқа* жетеді;

Солтүстік жағындағы шекарасы *Вэй* мен *Тохостан* бастап *Ертіс* өзенінің бергі жағындағы тауға, орыстың *Сынболотына* жетеді.

Пақырыңыз Шундене Нұсан арқылы хия Букул мен Мингершардан да анықтап сұратқыздым.

Аталмыш мәліметті біз арнайы құлшылық етіп патша ағзамның назарына жіберіп отырмыз.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айдың 24-күні патшаның қызыл сиямен жазған мынадай бұрыштамасы түсті: «Хабардар болдым».

2. Құжаттың тарихи-деректанулық маңыздылығы

Өзі шағын болғанымен біздің назарымызды аударып отырған бұл құжатта 20-дай нақты жер атаулары сақталған. Бұл мәліметтер, сондай-ақ олармен байланысты өзге де Цин патшалық деректер әуелі Қазақ жерінің тарихи-географиясы үшін құнды материал екендігі даусыз. Дегенмен, құжатта берілген мәліметтердің арасында түсініксіз тұстар да баршылық, осындай түсініксіз немесе күмән келтіретін тұстар мейлінше анықталған жағдайда ғана құжаттың тарихи-деректанулық құндылығы ашылатындығы белгілі. Ендеше біз де құжат авторы көрсеткен Қазақ жерінің төрт бағыты бойынша құжатта кездесетін біраз мәліметтерге тоқталып кетсек.

А. Шығыс бағыты

Бұл бағыт бойынша автор 8 жер атауын көрсеткен, ондағы бір жер атауы, яғни Юнгул өзені (*yunggul biga*) деген атау бізге беймәлім. Дегенмен аталмыш белгісіз атаумен салыстырғанда, бізді көбірек таңғалдырып отырған жәйт – автордың «шығыс» деген ұғымы: мұндағы көрсетілген жерлер арасында Сынболот қаласы, яғни Семей қаласы және оның оңтүстігінде орналасқан Шар өзені, сондай-ақ «Балқаш көлінің шығысындағы жер» шын мәнінде «шығыс» деген ұғымға сай келіп тұр, алайда, автор Семей қаласын, Шар өзенін және Балқаштың шығысындағы жерді меңзей тұрып не үшін Есіл өзенінің басталған жерін, Нұра өзенінің басталған жерін және Абыралы тауын «Қазақтың шығыс жақ шетіндегі жерлер» ретінде көрсеткендігі түсініксіз. Соңғы үш жерге байланысты шығарылатын қорытынды мынау: автор бұл жерде бағытынан шатасқан. Ал мұндай жәйт автордың «Қазақтың оңтүстік шекара жерлері» туралы айтқан кей сөздерінен де байқалады (төмендегі мәтінге қараңыз).


Ә. Оңтүстік бағыты

Бұл бағыт бойынша автор 6 жерді көрсетіп тұр (алдыңғы 5 жердің нақты атаулары берілсе, соңғы тау атауы нақты айтылмаған). Мұнда да бірсыпыра мәселе бар:

Біріншіден, автор Талас өзені мен Шу өзенін «Бикөл, Ақкөл деген екі көлге құйылады» және аталмыш өзен-көлдердің солтүстігінде тау бар деп көрсеткен – бұл шындыққа сай келмейді. Жұртқа мәлім, Талас өзені Айдын көлге жетпей-ақ Мойынқұмға сіңіп кетеді, ал Шу өзенінің ағып баратын жері – Ақжайқын көлі мен Ащыкөл ойысы да құжат авторының айтқан көл атауларымен сай келмейді. Ең бастысы, Талас өзені мен Шу өзенінің солтүстігінде тау емес, құмды дала (Мойынқұм мен Бетпақ дала) орналасқан.

⁷⁷ Бұл жердегі мәтін анық емес.

Автордың бұл жерде қателескендігі байқалып-ақ тұр. Дегенмен мұндағы жер атауларын мәнжу авторы өз ойынан шығармағандығы да анық. Ендеше мұнда қандай ағаттық кеткен? Бұл сұраққа мына бір мәлімет жауап бере алатын тәрізді: біздің талқылап отырған құжатпен жалпы бір дәуірде сызылған деп есептеуге болатын «Цяньлун патша ордасында сақталған карта» атты Цин патшалық картасында «Бикөл, Ақкөл» жер атауларымен сай келетін екі көл көрсетіледі⁸⁸ (төмендегі көрсетілген картадағы жер атауларының үстіндегі нөмірлерді біз қойдық):



Картадағы № 1 жер – «Талас өзені»; № 2 жер – «А-шай а-линь» (екінші сөз мәнжу тіліндегі «тау» деген мағынадағы «alin» сөзінен келген), яғни «А-шай тауы» (?); № 3 жер – «А-ша била» (екінші сөз мәнжу тіліндегі «өзен» деген мағынадағы «bige» сөзінен келген), яғни «А-ша өзені» (?); № 4 жер – «А-гу-ер но-эр» (екінші сөз мәнжу тіліндегі «көл» деген мағынадағы «поог» сөзінен келген), яғни «А-гу-ер көлі»; № 5 жер – «Би-ку-эр но-эр», яғни «Би-ку-эр көлі»; № 6 жер – «Си-эр била», яғни «Сыр өзені». Мұндағы екі көлдің атауы біз талқылап отырған құжаттағы екі көлдің атауларына жақын келеді: «А-гу-ер» – «Ақкөл», «Би-ку-эр» – «Бикөл». Ал картадағы екі көлдің орналасуына қарап, олар қазіргі «Ақкөл» мен «Билікөл» деп аталатын екі көл болса керек деген қорытынды жасауға болады (тек Цин патшалық картада екі көлдің орналасқан орындары алмасып кеткен). Ал Ақкөл мен Билікөлдің солтүстігінде емес, оңтүстігінде тау бар, ол яғни Қазақ халқының «Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама» тарихында айтылатын әйгілі символдарының бірі – Қаратау. Біздің ойымызша, назарымызды аударып отырған құжатта «Қазақ жерінің оңтүстігіндегі жерлер» деп көрсетілмек болған «Бикөл, Ақкөл» және аты аталмаған тау – дәл осы Ақкөл, Билікөл және Қаратау болса керек.

Екіншіден, құжат авторы қазақтың оңтүстік шекарасын «Балқаш көлінің солтүстігіндегі таудан» бастағаны мүлдем түсініксіз, өйткені жоғарыдағы құжат мәтінінде «Қазақтың шығыс шекарасы» деп көрсеткен жерлердің қатарында «Балқаш көлінің шығысындағы жер» де аталынады, мұндай жағдайда «Қазақтың оңтүстік шекарасы» деп Балқаш көлінің солтүстігін көрсетудің ешқандай қисыны жоқ. Біздің ойымызша, құжат авторы мұнда тағы да бағытынан шатасқан, мұндағы «Балқаштың солтүстігіндегі таудан» деген сөздерді асылы «Балқаштың оңтүстігіндегі таудан» деп түсінгеніміз жөн. Нақтырақ айтсақ, мұнда, асылы, Қастек тау сілемі меңзеліп тұр. Біздің бұл ойымызды мына тарихи дәйектер

⁸⁸ «Цяньлун патша ордасында сақталған карта. Сегізінші бағынаның 4-батыс бөлігі» («乾隆内府輿图»之«八排西四»叶). Көп жылдар бойы зерттеушілердің өзіне құпия немесе өте сирек тарихи құжат ретінде есептеліп келген бұл карта бірнеше жыл бұрын ғана баспадан жарық көрді. Біз картаның осы жаңадан басып шығарылған нұсқасын пайдаланып отырмыз. Қараңыз: Цяньлун картасы 2007.

құптайды: а. 1731 жылы 18 шілде күнгі цин патшасы Юнчжэнның орда естелігінде («Шилу»-да) сақталған бір дерек 1730-1731 жылдардағы қазақтар мен жоңғар қалмақтарының қорғаныс шегі Алматы-Сарыбел төңірегіне келіп тіреліп тұрғандығын айтады⁹; ә. Цин қаламгері Фан Гуанчэн да 1733 жылы шамасында «қазақтар жоңғарлардың солтүстігінде, олар бұрыттармен шекара түйіседі ... жоңғар қолбасшысы Іле өзенін қорғаныс шегі етіп қоныстанған» дегенді айтады. Бұл екі дерек қазақ-жоңғар шекарасын Іле өзені өңірінде немесе Сарыбелде деп көрсеткен. Демек 1733-1734 жылдардың өзінде қазақ-жоңғар шекарасы Шу-Талас сызығынан шығысқа қарай біршама жылжып, кем дегенде Сарыбел, яғни Кастек тау сілеміне жеткен¹⁰. Ал біздің талқылап отырған құжат жазылғаннан дәл бір жыл кейін, қазақ үш жүзі бас қосып, әлгі Сарыбелдегі жоңғар қалмақтарын ойсырата жеңіп, оларды Жетісу жерінен біржолата келместей етіп қуып шыққан. Содан кейін, 1760 жылдың соңында Абылай хан өз елшілерін жіберіп, Цин патшасы Цяньлунға хат жолдап: «елімнің қоныстары: шығыс шеті Чорго жеріне, оңтүстік шеті Сарыбелге, ортасы Лепсіге жетіп тұр ... ұлы Ежен менің келешек ұрпағымның, менің балаларымның қолында сақталатын қызыл таңба басылған хат жолдап бергей» дегенді айтқан¹¹. Біздің зерттеуіміз мынаны көрсетеді: аталмыш хаттағы айтылған «Чорго» жері Цин патшалық дереккөздерінде¹² «Темір-Чорго» деп те аталады, ол яғни қазіргі ҚХР ШҰАР Дөрбілжін (Эминь) ауданы аумағына созылып кіретін Тарбағатай тау жүйесінің шығыс сілемі; ал хаттағы айтылған «Сарыбел» – қазіргі Кастек тау сілемі.

Б. Батыс бағыты

Бұл бағыт бойынша автор 8 жерді көрсетіп тұр. Егер шын мәнінде айтылатын болса, мұндағы «Сырын өзені» (біздің пайымдауымыз бойынша бұл жерде Сырдария меңзеліп тұр), Ташкент қаласы және Түркістан қаласы қазақ ұғымында «оңтүстік» жерлері болып есептелінеді, алайда, Ташкент, Түркістан сынды жерлерге қатысты көне қытай жазбаларының басым көпшілігі аталмыш жерлерді «Қазақтың батыс бөлігіне» жатқызады, тіпті сол себептен бірсыпыра тарихи мәселелер туындаған. Дегенмен, дереккөздеріндегі осы географиялық бағытқа байланысты тарихи жұмбақты шешу міндетін біз кейінгі зерттеулерімізге қалдыра тұрып, әуелі мұндағы екі қалаға қатысты берілген мәліметтерге тоқталып кетсек.

Жалпы айтқанда, Цин патшалық қытай жазбаларында Ташкент қаласы туралы дерек тым көп емес. Дегенмен, 1758 жылы Төле би бастаған Ұлы жүз қазақтарының Ташкент қаласын өз қолдарына өткізгендігі туралы біраз қытай жазба деректері бар, ал олардың қайнары – жоңғар қолбасшысы Қасақшираны қудалау мақсатында Қазақтың оңтүстік өңіріне әскер бастап барған цин генералы Фуденің өз патшасына мәнжу тілінде жазып жіберген бір мәлімдемесі екендігін біз жақында анықтағанбыз. Аталмыш құжаттың қазақ тіліндегі аудармасы мен жасалынған түсіндірмелер біздің осыдан бұрынырақ шығарған «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» (I том) деп аталатын еңбегімізге енгізілген¹³. Осы қайнары бір деректердің айтуына қарағанда, дәл 1758 жылы, қазақтар Ташкентке билік орнатпак болған қокан Ердениді жеңіп, Ташкент қаласынан салық жинап тұру құқығына өздері ие болған. Міне, біздің талқылап отырған мұрағат құжатымыз осы кездегі Ташкент қаласының қазақтарға тиесілі екендігін тағы бір рет көрсетіп отыр.

⁹⁹ «Шизун сяньхуанди шилу», 107-цзюань, 14^b-16^b-бб., юнчжэн жылнамасының 9-жылы 6-айының «бин у» күнгі (яғни 1731 жылы 18 шілде күнгі) естелік («世祖宪皇帝实录», 卷 107, 页 14 下 – 页 16 下, 雍正九年六月丙午)

¹⁰¹⁰ Мұндағы және төмендегі деректерде кездесетін Сарыбел жер атауы туралы, сондай-ақ осы қазақ-жоңғар тепе-тіресінде үлкен маңызға ие болған жерде болған тарихи оқиғалар туралы біз арнаулы зерттеулер жүргізіп, оның нәтижесін жақын арада жарияламақпыз.

¹¹¹¹ Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының мәнжуше «луфу» құжаттар тобының ішіндегі мына нөмірлі құжат: 1861-042.

¹²¹² Мысалы мына дереккөзінде: «Гаозун чунь хуанди шилу», 613-цзюань.

¹³¹³ Еженханұлы 2009, 80–102-бб.

Біздің талқылап отырған құжаттағы Түркістан қаласы туралы мәліметтің де өзіндік деректанулық маңыздылығы бар. Түркістан қаласының қазақ қауымы үшін аса маңызды екендігі туралы мәлімет асылы осыдан бұрын да, кейін де Цин патшалығына жеткен: 1821 жылы жазылып біткен «Шыңжаң ши люе» кітабында мынадай нақты мәлімет кездеседі: «Өз кезінде Әбілмәмбет Түркістан қаласында тұрған, аталмыш қала Қазақ жерінің ортасында орналасқан. Әбілмәмбет орталықта отырып іс басқарғандықтан қазақ жұрты оны хан деп атаған»¹⁴¹⁴. Жақында біз «Шыңжаң ши люе» кітабындағы осы мәліметтің арғы қайнары – 1772 жылы 12 қараша күні Цин патшалық Іле цзянцзюні Шухэденің өз патшасына мәнжу тілінде жазған мәлімдемесін таптық¹⁵¹⁵. Ондағы айтылған әңгіме «Шыңжаң ши люе» кітабындағы мәліметпен сәйкеседі. Осы қайнары бір деректерден білгеніміз: Түркістан қаласының қазақтар үшін маңызды екендігі, онда тұратын ханның қазақ қауымында мәртебелі болатындығы жөнінде мәнжу-қытайлар нақты хабардар болған. Алайда, Цин патшалары мен орда қаламгерлері осы жәйтті түсінбеген немесе түсінгілері келмеген тәрізді. Біз өзіміздің «Цин патшалық жазбаларында «қазақтың елордасы» деп аталатын «Кэсытэн» қаласы хақында» атты мақаламызда¹⁶ осы жәйтті талқылап, Қазақ хандарының негізгі ордасы болып саналатын «Түркістан» қала атауының 1758 жылы қазақ ханы Әбілмәмбеттің Цин патшалығына жіберген дипломатиялық миссиясы кезінде Цин ордасына жетіп, ол атау кейінірек өзгеріске ұшырап, қысқартылып, «Кэсытэн» деп жазылып кетіп, тіпті Есіл өзені бойына «орналастырылып» жіберілгендігі жөнінде талдау жасағанбыз. Аталмыш мақаланы жазу кезінде біз «Түркістан» атауы сол жолғы Әбілмәмбеттің Цин патшалығына жіберген дипломатиялық миссиясымен бірге Цин патшалық ордаға тұңғыш рет жеткен бе деген ойда болғанбыз. Ал, міне, жаңадан табылған «Қазақ үш жүзінің шеткері жерлеріндегі жер атаулары туралы хия Нұсанның көтерген мәлімдемесі» атты құжатқа қарап, «Түркістан» қала атауының асылы одан да бұрын мәнжу-қытайлардың құлақтарына жеткендігін біліп отырмыз.

Енді өзге «батыс бағытындағы шекара жер атауларына» тоқталып кетсек. Құжаттағы «Бижу-Сырын өзені» деп жазылған жер атауы бізге беймәлім (құжатта бұл атаудың жазылуы да тым анық емес). Ал мұнда «Маңғыс көлі» деп Кәспи көлі меңзеліп тұрса керек. Осы кездегі Қазақ жерінің батыстағы шегі Кәспи теңізінің қазіргі Маңғыстау өңіріндегі жағалауына жеткендігін біздің мына бір жаңадан тапқан дерегіміз дәлелдейді – жоғарыдағы аталған Цин патшалық орда картасының «Сегізінші бағынаның 8-батыс бөлігінде» Кәспи өңіріне қатысты бірсыпыра жер атаулары және «Батыс қазақ шекарасы» деген сөз тіркесі кездеседі (төмендегі картадағы осы жер атауларының үстіндегі нөмірді біз қойдық):

¹⁴¹⁴ ЦШШЛ, 12-цзюань, «қазақтың шежіресі».

¹⁵¹⁵ Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының «Әскери басқармасында сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі» қорында 2476-014 (микрофильм бойынша – 096-1583). Қытай мұрағатшылары тарабынан бұл құжатқа «Іледегі цзянцзюнь Шухэденің «қазақ Болаттың не үшін өзін хан деп атағандығын анықтадық» деген мазмұндағы мәлімдеме» деп қойылған.

¹⁶¹⁶ Еженханұлы 2012 (1).



Картадағы қытайша хатталған № 1 жер атау – «Ва-эрцзи хасакэ чжэчэн» (瓦尔吉哈萨克哲成), № 2 жер атау – «Тэнцзисы эмо» (腾吉斯鄂谟), № 3 жер атау – «Жэму била» (哲木必拉), № 4 жер атауы – «Ман-а-силу дабахань» (莽阿锡鲁达巴汉). № 2 жер атауындағы «эмо» сөзі мәнжу тіліндегі «құрлықтың қоршауындағы аса ірі көл» деген мағынаны білдіретін «омо» сөзінен келген, демек, мұндағы толық атау – «Теңіз көлі», бұл Кәспи теңізінің тарихтағы тағы бір атауы екендігі белгілі. № 3 жер атауында кездесетін «била» сөзін біз жоғарыда түсіндіріп кеткенбіз, яғни мұндағы толық атау – «Жем өзені»; № 4 жер атауындағы «дабахань» сөзі мәнжу тіліндегі «тау шыңы» деген мағынаны білдіретін «dabagan» сөзінен келгені анық, ал «Ман-а-силу» сөзі «Маңғышлақ» сөзінен келгендігіне де күмән жоқ, демек, мұндағы толық атау – «Маңғышлақ тауы». Енді № 1 жер атауына келсек, мұндағы «хасакэ», яғни «қазақ» сөзінен тыс қалған екі сөз де мәнжу тілінен келген: «ва-эрцзи» – мәнжу тіліндегі «батыс» деген мағынаны білдіретін «wargi» сөзінің, ал «чжэчэн» – «шекара» деген мағынадағы «еҗеҗен» сөзінің қытайшаластырылған түрлері. Демек, картада «Батыс қазақ шекарасы» деп көрсетіліп тұрған № 1 жер атауы (анығырақ айтқанда, сөз тіркесі) біздің талқылап отырған құжатта берілген мәліметпен сәйкес келеді. Дегенмен, аталмыш картадағы мына бір қателікті көрсетуге тиістіміз: мұнда Жем өзенін Маңғыс тауының оңтүстігіне апарып орналастырған.

Құжаттағы қалған «батыс қазақ шекара жер атаулары» жөнінде біз мынадай ойдамыз: «Жай өзені» – «Жайық өзені» сөзінен келген. 1712-1715 жылдары Еділ қалмақтарына елші болып қайтқан мәнжу Туличэн қытай-мәнжу екі тілде естелігі қалдырып (естеліктің қытайша нұсқасы «И юй лу (异域录)», яғни «Жат аймақтар туралы естелік жазбалар» деп аталса, мәнжу тіліндегі нұсқасы «Laksaha jecen de takūhaha babe ejehe bithei», яғни «Шекарадан тыс жат жерлерге іссапарға жіберілгендігі туралы естелік дәптер» деп аталады), онда жер атаулары тиісінше қытайша және мәнжуше берілген бір картаның екі нұсқасы сақталған. Қазақ мемлекетіне тиесілі Жайық өзені осы картаның қытайша мәтінді нұсқасында «Zai хэ» (宰河), мәнжуше мәтінді нұсқасында «Z'ai biga» деп алынған¹⁷; ал құжаттағы «Вэй» – «Ойыл» сөзінен, «Тохос» – «Тоңыз» сөзінің қате естілуінен келсе керек, яғни мұндағы бірінші атау Ойыл өзенін, ал екіншісі Тоңыз тауын меңзеп тұр.

В. Солтүстік бағыты

¹⁷¹⁷ Аталмыш деректер туралы біздің мына еңбегімізге қараңыз: Еженханұлы 2012 (2).

Бұл бағыт бойынша автор 4 жерді, яғни «Вэй», «Тохос», «Ертіс» және «Сынболот» жерлерін көрсеткен және олардың барлығы жоғарыдағы «Шығыс бағытында» немесе «Батыс бағытында» кездескен. Мұндағы бірден-бір адам назарын аударатындай жәйт: құжаттағы «[Қазақ жерінің] солтүстік жағындағы шекарасы *Вэй* мен *Тохостан* бастап *Ертіс* өзенінің бер жағындағы тауға» деген сөздер Қазақ елінің территориясы Кәспи теңізінен Алтай тауына дейінгі кең байтақ аумақты алып жатқандығын және сол жағдай туралы мәнжу-қытайлар хабардар болғандығын білдіреді.

Жоғарыдағы талдауларымызды қорытындыласақ, біз мынаны сенімді түрде айта аламыз: жаңадан табылған «Қазақ үш жүзінің шеткері жерлеріндегі жер атаулары туралы хия Нұсанның көтерген мәлімдемесі» атты Цин патшалық мұрағат құжат өте маңызды әрі бірегей тарихи дереккөз. Өзінің қалыптасу кезінде бірсыпыра ұғымдық және орфографиялық ақаулықтардың туындауына жол бергендігіне қарамастан, бұл құжат 1758 жылғы Қазақ халқының территориясы туралы нақты мәліметтер қалдырған. Құжаттағы **Қазақ елінің «шығыс жақ шекарасы Балқаш көлінің шығысындағы жерге жетеді»** деген мәлімет төтенше тарихи маңызға ие, өйткені, сонау XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қытай тарихнамасында «Балқаштың шығысы мен оңтүстігі Қытайдың жері» деген әйгілі кертартпа тұжырымдама айтылып келеді, ал енді міне, біздің мұндағы жаңадан ашып отырған Цин патшалық құжатындағы аталмыш мәлімет әлгі кертартпа тұжырымдаманың қытай жазба дерегінің өз сынынан да өте алмайтындығын көрсетіп тұр.

ӘДЕБИЕТ

1 ЦСМДХ (27): - Қытайдың Бірінші Тарихи Мұрағаты мен Қытайдың Қоғамдық Ғылымдар Академиясына қарасты Қытайдың Шекара Аймақтарының Тарихы мен Географиясын Зерттеу Орталығы (бірлесе құрастырған, құрастыру алқасының жетекшілері Ву Юаньфэн мен Ли Шэн), «Цин патшалық дәуіріндегі Шыңжаң туралы мәнжу тілді мұрағат құжаттарының жинағы» (XXVII том). – «Гуанси шифань дасюе чубаньшэ» баспасы. – Гуйлин, 2012.. (中国第一历史档案馆与中国边疆史地研究中心合编 (吴元丰, 厉声主编): «清代新疆满文档案汇编 (第二十七册)», 广西师范大学出版社, 2012年, 北京)2. «Каталог» (8):

2 Қытайдың Бірінші Тарихи Мұрағаты, Қытайдың «Жэньминь Дасюе» Университетіне қарасты Цин Патшалық Тарихын Зерттеу Институты, Қытайдың Қоғамдық Ғылымдар Академиясына қарасты Қытайдың Шекара Аймақтарының Тарихы мен Географиясын Зерттеу Орталығы (бірлесе құрастырған): «Цин патшалық дәуіріндегі шекара аймақтарына қатысты маньчжур тілінде жазылған мұрағат құжаттарының каталогі» сериясының (VIII том). – «Гуанси шифань дасюе чубаньшэ» баспасы. – Гуйлин, 1999. 中国第一历史档案馆与中国人民大学清史研究所及中国社会科学院边疆史地研究中心合编: «清代边疆满文档案目录» 第8册, 广西师范大学出版社, 1999年, 桂林).

3 Цяньлун картасы 2007:

- Ван Цяньцзинь мен Лю Жофан (құрастырған), Цин тин сань да шицэ цюаньту цзи (Цин ордасындағы картографиялық барлау негізінде құрастырылған 3 үлкен картаның толық жинағы). Бейжің: «Вайвэнь чубаньшэ» («Шет тілдер баспасы»), 2007 ж. (汪前进, 刘若芳编: «清廷三大实测全图集», 外文出版社, 北京, 2007年).

4 «Цин Гаоцзун шилу» («Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер». Біз бұл деректеменің 1986-87 жылдары аралығында Пекиндегі «Чжунхуа шуцзюй» баспасынан шығарылған факсимиле нұсқасын пайдаланып отырмыз) («清高宗实录», 1986-87年北京中华书局影印本).

5 Еженханұлы 2009:

- *Еженханұлы Б.*, Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары (I том), Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2009.

6 ЦШШЛ:

- *Сун Цзюнь және басқалар (құрастырған)*, Циньдин Шыңжаң ши люе («Патша бекіткен Шыңжаң туралы қысқаша шолу»). Біз бұл деректеменің 1821 жылғы «У ин дянь» ксилографиялық нұсқасын пайдаланып отырмыз. (松筠等纂: «钦定新疆识略», 道光元年武英殿刻本).

7 Еженханұлы 2012 (1):

- *Еженханұлы Б.*, Цин патшалық жазбаларында «қазақтың елордасы» деп аталатын «Кэсытэн» қаласы хақында // Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРЛАРЫ. – 2012. – № 1-3–8- бб.

8 Еженханұлы 2012 (2):

- *Еженханұлы Б.*, Қазақ елі туралы алғашқы қытай ұғымдары // «Қазақстан и Восточный Туркестан в системе взаимодействия восточной и западной цивилизаций на Великом Шелковом пути». Материалы международной научной конференции, посвященной памяти К.Т. Талипова (Қазақстан, г.Алматы, 26 ноября 2010 г.). – А.: «Дайк-Пресс», 2011. – С. 85-102.

ADEBIYET

1 ZSMДН (27): - Қытайдың Бірінші Тарихі мұрағаты мен Қытайдың Қоғамдық Ғылымдар Академиясына қарасты Қытайдың Шекара Аймақтарының Тарихі мен Географиясын Зерттеу Орталығы (бірілесіп құрастырған, құрастыру алқасының зетекшілері Vu Yuan'fen мен Li Shen), "Tzin патшалық дәуіріндегі Шыңжаң туралы мәнжу тилді мұрағат құжаттарының жинағы" (XXVII том). - "Guansi shifan' dasyue chuban'she" baspasy. - Gujlin, 2012. (中国第一历史档案馆与中国边疆史地研究中心合编 (吴元丰, 厉声主编): «清代新疆满文档案汇编 (第二十七册)», 广西师范大学出版社, 2012年, 北京).

2. Қытайдың Бірінші Тарихі мұрағаты, Қытайдың "Zhen'min' Dasyue" Университетіне қарасты Tzin Патшалық Тарихін Зерттеу Институты, Қытайдың Қоғамдық Ғылымдар Академиясына қарасты Қытайдың Шекара Аймақтарының Тарихі мен Географиясын Зерттеу Орталығы (бірілесіп құрастырған): "Tzin патшалық дәуіріндегі шекара аймақтарына қатысты ман'чжур тилинде жазылған мұрағат құжаттарының каталогі" сериасының (VIII том). - "Guansi shifan' dasyue chuban'she" baspasy. - Gujlin, 1999 中国第一历史档案馆与中国人民大学清史研究所及中国社会科学院边疆史地研究中心合编: «清代边疆满文档案目录» 第8册, 广西师范大学出版社, 1999年, 桂林).

3. Tzyan'lun kartasy 2007:

- Van Tzyan'tzzin' men Lyu Zhofan (қҮОрастырған), Tzin tin san' da shitze tzyuan'tu tzzi (Tzin ordасындағы картонрафиялық барлау негизінде құрастырылған 3 үлкен картаның толық zhinaғы). Bejzhiң: "Vajven' chuban'she" ("Shet tilder baspasy"), 2007 zh. 汪前进, 刘若芳编: «清廷三大实测全图集», 外文出版社, 北京, 2007 年).

4. "Tzin Gaotzzun shilu" ("Tzin patshasy Gautzzun (Tzyan'lun) туралы орда естеліктер". Biz bYOl деректемінің 1986-87 zhyldary аралығында Пекиндегі "Chzhunhua shutzzyuj" paspasynan шығарылған факсиміле nYOsқасын пайдаланып отырмыз) («清高宗实录», 1986-87 年北京中华书局影印本).

5. Ezhenhanuly 2009:

- Ezhenhanuly B., Қазақ handyғы мен Tzin патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құзhattary (I том), Алматы: "Dajk-Press" baspasy, 2009.

6. TzShShL:

- Sun Tzzyun' zhәне басқалар (құрастырған), Tzin'din Shyңzhaң shi lyue ("Patsha bekitken Shyңzhaң туралы қысқаша sholu"). Biz bul деректемінің 1821 zhyлығы "U in dyan" ksilografиялық nYOsқасын пайдаланып отырмыз. (松筠等纂: «钦定新疆识略», 道光元年武英殿刻本).

7. EzhenhanYOly 2012 (1):

- EzhenhanYOly B., Tzin патшалық zhazbarларында "қазақтың ерordасы" деп аталатын "Kesyten" қаласы хақында // Қазақстан республикасының Ұлттық ғылым академиясының HABARLARY. - 2012. - № 1, 3-8- bb.

8. EzhenhanYOly 2012 (2):

- EzhenhanYOly B., Қазақ eli туралы алғашқы қытай YOғымдары // "Kazakstan i Vostochnyj Turkestan v sisteme vzaimodejstviya vostochnoj i zapadnoj tzivilizatziy na Velikom Shelkovom puti". Materialy mezhdunarodnoj nauychnoj konferentzii, posvyashchennoj pamyati K.T. Talipova (Қазақстан, g.Almaty, 26 noyabrya 2010 g.). - A.: "Dajk-Press", 2011. - S. 85-102.

Резюме

Бахыт Еженханулы

Источниковедческое исследование документа «Названия пограничных земель казахских трех жузов» из Цинского императорского архива

В статье автор исследует новый обнаруженный документ на маньчжурском языке «Названия пограничных земель казахских трех жузов», который сохранился в Цинском императорском архиве. В этом документе 1758 г. говорится о территориях казахского народа. Этот документ является очень важным, поскольку доказывается, что «Казахские восточные границы охватывают берега Балхаша».

Summary

Bahyt Yejenhanuly

An historic-philological study on the new-found Qing dynasty Manchu document «The place names of the borderlands of the three hordes of Kazakhs»

Based on the historic-philological analyses of the information kept in the new-found Qing dynasty Manchu document «The place names of the borderlands of the three hordes of Kazakhs», this article deals with the topic of the territory of Kazakh people in 1758. In the conclusions the article points out that the mentioned Qing dynasty Manchu document is an important historical source, and the statement «The eastern border of Kazakhs reaches the land east to the Balkash lake» in the document keeps a special historical meaning.

04.03.2013 ж. тлѣсті